

**Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің
«Ақтөбе облысының мәдени мұрасын зерттеу, сақтау,
жаңғырту мен насихаттау» бойынша 2023-2025 жылдары жүзеге
асыруға арналған Жол картасына сәйкес 2024 жылы атқарылған
ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша
есебі**

Бекітілген Жол картасына сәйкес 2024 жылы барлығы 8 ғылыми жоба жоспарланды, оған 126,2 млн.тг қаралған.

Оның ішінде: археология саласы бойынша 5 жоба, этнография, халықтық сәулет өнері ескерткіштерін кешенді ғылыми зерттеуге 1 жоба және өңіріміздің мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған 2 жоба жоспарланған.

1. Ғұн дәуірі ескерткіштерін кешенді зерттеу (қарастырылған қаражат – 29 700,0 мың.тг.).

Тас және палеометаллдар дәуірі ескерткіштерін зерттеу:

2. Жамансу 2 ескерткішінде қазба жұмыстарын жүргізу (*Мәртөк ауданы*) (қарастырылған қаражат – 14 000,0 мың.тг.).

3 Көне металлургтердің Таранғұл қонысын зерттеу (*Қарғалы ауд*) (қарастырылған қаражат – 15 000,0 мың.тг.).

4. Төлеубұлақ тарихи-мәдени аумағындағы сармат ескерткіштерін зерттеу (*Мұғалжар ауданы*) (қарастырылған қаражат – 25 000,0 мың.тг.).

5. Ақтөбе өлкесі археологиясы бойынша жаңадан алынған материалдарды пәнаралық зерттеулер жасау (қарастырылған қаражат – 12 000,0 мың.тг.).

6. Ақтөбе облысы аумағындағы араб графикалы тарихи ескерткіштердің (XIX–XX ғғ. басына жататын құлпытастар) эпиграфикасын зерттеу (қарастырылған қаражат – 12 500,0 мың.тг.).

7. «Ақтөбе облысындағы ғұн-сармат кезеңінің археологиялық ескерткіштері. 1- шығарылым. Ойыл ауданы» атты кітапты әзірлеп баспадан шығару. (қарастырылған қаражат – 7 000,0 мың.тг.).

8. Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу кәсібі: тарихи тәжірибе, қазіргі күйі және даму перспективасы» атты I Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы және конференция аясында "Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнері. " кітабын әзірлеп баспадан шығару. (қарастырылған қаражат – 11 000,0 мың.тг.).

Есепті мерзім ішінде жобалардың жүзеге асуы:

1. Ғұн дәуірі ескерткіштерін кешенді зерттеу

1.1. Қобда ауданы, Жарсай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 19 шақырым жерде орналасқан Дербісәлі II қорымында Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициялық тобы қазба жұмыстарын жүргізді. Қорым қорғандар мен ғибадатханалар топтасқан 40-қа жуық жерлеу-ғұрыптық нысандарынан тұрады. Есепті маусымда 2 қорған, 1 ғибадатхана және 1 «гантель тәріздес» нысандар барлығы 4 нысанда қазба жұмыстары жүргізілді.

Жоба бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарында табылған олжаларға камералдық өңдеу, алғашқы реставрациялық жұмыстар және зертханалық зертеулер жүргізіліп, қорытынды ғылыми есебі тапсырылды.

Жоба бойынша фото иллюстрациялар



Дербісәлі II қорымының 2024 жылы археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген нысандар



«гантель тәрізді» нысан



Жерлеудің көрінісі



Қола бұйымдар

1.2. Жоспарға енгізілген Ақсу I қорымында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге жауапты орындаушы: 20.08.2024 жылғы № 95 келісім-шарт негізінде «Институт прикладной археологии» ЖШС.

Ақсу I қорымы Әйтеке би ауданы аумағында, Ақтасты-Толыбай тас жолының оңтүстік-батысында 3,2 шақырым, Толыбай ауылынан батысқа қарай 19 шақырым жерде оналасқан. Ескерткіш 39 жерлеу-ғұрыптық нысандардан тұрады, оның ішінде топырақтан үйілген обалар, «гантель тәрізді» және «таға тәрізді» құрылыстар мен ғибадатханалармен берілгін. Археологиялық зерттеулер төрт нысанда тамыз-қыркүйек айларында жүргізді. Олар № 37 (обаның диаметрі 15 м, биіктігі 0,4 м) және 19 (обаның диаметрі 14 м., биіктігі 0,3 м) қорғандар, № 38 «гантель тәріздес» нысан (ұзындығы 40 м, ені 12 м, биіктігі 0,4 м), № 39 «таға тәріздес» ғибадатхана (екі жағының ұзындығы 16 м, биіктігі 0.3 м). Жерлеулердің ғұрыптық дәстүрлері мен алынған заттай материалдар ескерткішті б.з. II-IV ғғ мерзімдеуге мүмкіндік береді

Қазба жұмысы жүргізілгеннен кейін табылған заттарға камералдық өңдеу, реставрация, жазбаша суреттеу, коллекциялық тізілім, антропологиялық талдау, радиокөміртектік мерзімделуін алу үшін талдау және қазба орнын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Жоба бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарында табылған олжалар тізімі әзірленіп музей қорына алғашқы тіркеуге алынды.

Қорытынды ғылыми есебі тапсырылды.

Жоспарланған қаржы көлемі – 29 700,0 мың.тг.


Игерілген қаржы – 23 293,0 мың.тг.

Үнемделген қаржы – 6 407,0 мың.тг.

Оның ішінде: 5 958,3 мың.тг. бюджетке қайтарылды.

448,7 мың.тг. жыл қорытындысы бойынша сыйақыға бағытталды

Жоба бойынша фото иллюстрациялар



2. Тас және палеометаллдар дәуірі ескерткіштерін зерттеу:

2.1. Жамансу 2 ескерткішінде қазба жұмыстарын жүргізу (Мәртөк ауданы) жобасы бойынша жауапты орындаушы: 07.06.2024 жылғы № 71 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы археология институты.

Жобаның мақсаты екі бағыттағы зерттеулер жүргізуге негізделді: біріншісі, Ақтөбе облысының Қобда және Мәртөк аудандарында далалық археологиялық барлау жұмыстары; екіншісі, Жамансу 2 тас ғасырының тұрағындағы археологиялық қазбалар.

2024 жылғы далалық маусымда Жамансу 2 тұрағында қазіргі өзен арнасынан батысқа қарай 158 м жерде, кеуіп қалған өзеннің оң жағасында ауданы 200 кв.м болатын қазба орны жасалды. Нысан бровка қалдырылмай, 12 тең пропорциялы сеторға бөлінді. Грунт қабат бойынша 5 см қалыңдығымен алынып, кейіннен елеуіштен өткізілді

және жуылды. Қазба жасау үшін ескерткіштің топографиясы анализденді, сонымен қатар жердің күндізгі бетінде табылған тас артефактілердің шоғырлануының планиграфиялық анализі жасалды.


Тұрақтың өзенге қарай бағыттағы аумағында қазба орыны кеңейтіліп, қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде заттай бұйымдар: тас құралдар, қыш-құмыралардың бөлшектері, сүйектер табылды.

Жоба бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарында табылған олжаларға камералдық өңдеу және зертханалық зерттеулер жүргізіліп, қорытынды ғылыми есебі тапсырылды.

Жоспарланған қаржы көлемі – 14 000,0 мың.тг.

Игерілген қаржы – 14 000,0 мың.тг.

Жоба бойынша фото иллюстрациялар



2.2. Жобаның екінші бағыты «Көне металлургтердің Тараңғұл қонысын зерттеу» (Қарғалы ауд)

Орындалған жобаның негізгі мақсаты – палеометалл дәуірінде Ақтөбе өңірінде тау-кен металлургия өндірісіне арналған мыс кен орындарын игеру үдерісін теориялық тұрғыда қалпына келтіру.

Жобаны жүзеге асырудың маңызды бағыттарының бірі ретінде Тараңғұл қонысында (Қарғалы ауданы) далалық археологиялық қазба жұмыстарын атап өтуге болады. Бұл зерттеулер барысында палеозоологиялық материалдардың үлгілері, мәдени қабаттар, топырақ үлгілері, сондай-ақ радиокөміртекті даталау үшін алынған материалдар жинақталды.

Тараңғұл қонысының батыс бағытында 90 ш.м., ал шығыс бағытында 100 ш.м. қазба ауқымы кеңейтілді. Қазба жұмыстары кезінде палеозологиялық материалдың үлкен көлемі жинақталды, керамикалық бұйымдардың қалдықтары тіркелді, бірқатар тас құралдар анықталды.

Зерттеулер алакөл мәдениетінің батыс қанатындағы андронов мәдени-тарихи қауымдастығының шаруашылық-мәдени жүйесінің генезисі мен қызмет ету ерекшеліктеріне қатысты құнды әрі қызықты мәліметтер ұсынды. Алынған материалдар Тараңғұлдың қола дәуірінің соңындағы археологиялық кешенін жыл бойы адамдар тұрақты өмір сүрген орны ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл қоныстағы негізгі шаруашылық мал шаруашылығы болса, металлургиялық өндіріс басты қызмет түрі ретінде ерекше рөл атқарған.

Жоба бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарында табылған олжаларға камералдық өңдеу және зертханалық зертеулер жүргізіліп, қорытынды ғылыми есебі тапсырылды.

Жоспарланған қаржы көлемі – 15 000,0 мың.тг.


Игерілген қаржы – 11 000,0 мың.тг.

Үнемделген қаржы – 4 000,0 мың.тг., бюджетке қайтарылды.

Жоба бойынша фото иллюстрациялар



Тараңғұл археологиялық кешенінің топографиялық картасы



4. Төлеубұлақ тарихи-мәдени аумағындағы сармат ескерткіштерін зерттеу (Мұғалжар ауданы) жобасы бойынша жауапты орындаушы: 02.08.2024 жылғы № 96 келісім-шарт негізінде «Институт прикладной археологии» ЖШС

Орқаш I қорымы Мұғалжар ауданында, Қаракөл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 5,6 шақырым қашықтықта, Орқаш табиғи қорығы аумағында орналасқан. Ескерткіш 1991 жылы ашылған, 40 жуық жерлеу-ғұрыптық нысандардан тұрады. Далалық қазба жұмыстары қыркүйек айында басталды. Қорымның екі обасы зерттелді. Олар № 9 оба өлшемі 2,0-2,5 x 17 м. және № 21 оба диаметрі 15 м, биіктігі 0,7 м. Қорымның зерттелген нысандары біздің дәуірімізге дейінгі 6-4 ғасырларға жатады.

Қазба жұмысы жүргізілгеннен кейін табылған заттарға камералдық өңдеу, реставрация, жазбаша суреттеу, коллекциялық тізілім, антропологиялық талдау, радиокөміртектік мерзімделуін алу үшін талдау және қазба орнын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Жоба бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарында табылған олжалар тізімі әзірленіп музей қорына алғашқы тіркеуге алынды.

Қорытынды ғылыми есебі тапсырылды.

Жоспарланған қаржы көлемі – 25 000,0 мың.тг.

Игерілген қаржы – 16 900,0 мың.тг.

Үнемделген қаржы – 8 100,0 мың.тг.,

Оның ішінде: 170,7 мың тг. бюджетке қайтарылды. 3357,7 мың.тг. Әйтекеби Байбекұлының 380 жыл толуына арналған «XVII- XVIIIғғ, Қазақ елі хандар, билер және батырлардың сыртқы жаулардан қорғау жолындағы күресі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыруға және 3947,4 мың тг. ҚР Халық әртісі, композитор және мультиаспапшы Димаш Құдайбергеннің шығармашылығына арналған "Дүние дидарындағы Димаш", атты жылжымалы көрмесін ұйымдастыруға бағытталды. 624,2 мың. тг жыл қорытындысы бойынша сыйақыға бағытталды.

Жоба бойынша фото иллюстрациялар




Рис.3. Мог. Уркан I. Топографический план.

107



5. Ақтөбе өлкесі археологиясы бойынша жаңадан алынған материалдарға пәнаралық зерттеулер жасау жобасы бойынша жауапты орындаушы: 16.07.2024 жылғы № 84 келісім-шарт негізінде ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы археология институты.

2024 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған материалдарды кешенді пәнаралық әдістерді қолдана отырып зертханалық зерттеулер жүргізілді. Ақтөбе облысы аумағынан анықталған археологиялық материалдарға археозоологиялық, палеоантропологиялық зерттеулер жүргізілді. Тас және сүйек бұйымдарға трасологиялық, керамикаларға техникалық-технологиялық талдаулар жүргізілді. Металл және органикалық материалдарды реставрациялау және консервациялау жұмыстары атқарылды. Оның ішінде археозоологиялық талдау, үлгілерді техникалық-технологиялық және химиялық талдауды қолдана отырып, керамикалық материалды зерттеу, трасологиялық және типологиялық зерттеулер, антропологиялық зерттеулер, металл бұйымдарын қалпына келтіру жүзеге асырылды.

Ақтөбе өңіріндегі әртүрлі тарихи кезеңдерге жататын археологиялық ескерткіштерден анықталған материалдарға пәнаралық зерттеулер жүргізу алғаш рет, осы жоба аясында арнайы жүргізіліп отыр. Жануар сүйектерін зерттеуде өңірдегі мал шаруашылығының құрамы анықталды. Антропологиялық материалдарды зерттеу нәтижесінде өңірдегі ежелгі тұрғындардың остеологиялық конституциясы жөнінде ақпарат алынды. Трасологиялық талдау нәтижесінде құралдардың қызметі, керамикаларды зерттеуде минералдық құрамы анықталды. Ағаш, тері және металл бұйымдар қалпына келтірілді.


Жоба бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарында табылған олжаларға зертханалық зерттеулер жүргізіліп, қорытынды ғылыми есебі тапсырылды.

Жоспарланған қаржы көлемі – 12 000,0 мың.тг.

Игерілген қаржы – 10 714,3 мың.тг.

Үнемделген қаржы – 1,285.7 млн.тг., қайта қаралып «Парасат» Орденінің иегері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Еркін Жолмырзаұлы Құрманбектің 80 жас мерейтойына арналған "Мәдениет майталманы" атты салтанатты кездесу кеші мен уақытша көрме жасақтауға бағытталды.

Жоба бойынша фото иллюстрациялар



6. Ақтөбе облысы аумағындағы араб графикалы тарихи ескерткіштердің (XIX ғ. - XX ғ. басына жататын құлыптастар) эпиграфикасын зерттеу жобасы бойынша, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің 2024 жылғы жоспарына сәйкес, «Ақтөбе облысы аумағындағы араб графикалы тарихи ескерткіштердің (XIX ғасыр және XX ғасырдың басына жататын құлыптастар) эпиграфикасын зерттеу»

жобасын іске асыру мақсатында Әйтеке би, Мұғалжар, Алға аудандары территориясында маусымдық далалық зерттеу жұмыстары жалғасын тапты.

Маусым айында Әйтеке би ауданы көлеміндегі «Хан моласы», Бұршақбай, Бақсайыс өзені бойы, Әбдібай, Сарыоба, Жуалы, Жаңадәуір, Қарабас әулие, Кілемжайған т.б. қорымдарындағы арап жазулы құлпытастар эпиграфикасы тіркеліп, өлшем бірлігі алынып, сызбалары қағаз бетіне сызылып, фотоға түсіріліп, жазуларына аударма жұмыстары жасалды.

Мұғалжар ауданында музей ғылыми қызметкерлерінен жасақталған ғылыми экспедиция шілде айымен тамыз айлары аралығында далалық зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, біраз тарихи жәдігер хатталды. Атап айтқанда: Қайыңды бойы Қарасай, Жеңішке, Борлы бойы, Терісбұлақ, Миалыкөл, Бұлақ, Төлеубұлақ, Жем өзені бастауында орналасқан Әулие өзені бойы, Құмжарған, Жағабұлақ, Саға, Қожасай, Көлденең Темір, Жұрын, Орқаш, Ащысай, Ор, Ақкөл өңірлеріндегі тарихи ескерткіштер зерттелді. Осы өзендердің бойында орналасқан арап жазулы құлпытастар анықталып, тіркеліп, хатталды.

Тамыз айының соғы мен қыркүйек айының ортасында музей қызметкерлерінен жасақталған экспедиция Алға ауданы аумағында орналасқан тарихи жәдігерлерге зерттеу жұмыстарын жүргізіп келді. Алға өлкесінің жерімен ағып жатқан Сарқобда, Қарақобда, Тамды, Өлетті, Шолақ тамды, Темірей, Батпақты, Есет, Елек өзендерінің бойларында орналасқан қазақ халқының ескі қорымдары зерттелді.

Жоспарланған қаржы көлемі – 12 500,0 мың.тг.

Игерілген қаржы – 11 756,9 мың.тг.

Үнемделген қаржы – 743,1 мың.тг. қайта қаралып «Парасат» Орденінің иегері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Еркін Жолмырзаұлы Құрманбектің 80 жас мерейтойына арналған " Мәдениет майталманы" атты салтанатты кездесу кеші мен уақытша көрме жасақтауға бағытталды.

Жоба бойынша фото иллюстрациялар





7. «Ақтөбе облысындағы ғұн-сармат кезеңінің археологиялық ескерткіштері. 1- шығарылым. Ойыл ауданы» атты кітапты әзірлеп баспадан шығару. жобасы бойынша жауапты орындаушы: 20.02.2024 жылғы № 27 келісім-шарт негізінде «Археологические исследования» ЖШС.

Өңіріміздің ғұн дәуірінің археологиялық мұрасын насихаттау бағытында «Ақтөбе облысындағы ғұн-сармат кезеңінің археологиялық ескерткіштері. 1- шығарылым. Ойыл ауданы» атты кітап әзірленіп 300 дана тиражымен баспадан шығарылды.

Жоспарланған қаржы көлемі – 7000,0 мың.тг.

Игерілген қаржы – 6 170,0 мың.тг.

Үнемделген қаржы – 830,0 мың.тг., бюджетке қайтарылды

8. Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу кәсібі: тарихи тәжірибе, казіргі күйі және даму перспективасы» атты I Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы және конференция аясында "Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнері. " кітабын әзірлеп баспадан шығару жобасы бойынша жауапты орындаушы: 29.03.2024 жылғы № 49 келісім-шарт негізінде «Salem Media Group» ЖШС

Өңіріміздің мәдени мұрасын насихаттау бағытында "Қазақтың дәстүрлі тері өңдеу өнері» кітабы дайындалып 300 дана тиражымен баспадан шығарылды.

Жоспарланған қаржы көлемі – 11000,0 мың.тг.

Игерілген қаржы – 10 441,5 мың.тг.

Үнемделген қаржы – 558,5 млн.тг.,

Оның ішінде – 478,9 мың.тг. қайта қаралып «Парасат» Орденінің иегері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Еркін Жолмырзаұлы Құрманбектің 80 жас мерейтойына арналған " Мәдениет майталманы" атты салтанатты кездесу кеші мен уақытша көрме жасақтауға бағытталды. Ал - 79,6 мың. тг жыл қорытындысы бойынша сыйақыға бағытталды.